

Бірлескен кейбір бұйрықтар мен қаулылардың күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының м.а. 2022 жылғы 20 қазандағы № 36 және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы 20 қазандағы № 90 бірлескен бұйрығы мен қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 қазанда № 30266 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабы 1-тармағына Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) БҰЙЫРАДЫ және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мына:

1) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында төлем ұйымдары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 27 қазандағы № 532 және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қазандағы № 262 бірлескен бұйрығы және қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14476 болып тіркелген);

2) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында төлем ұйымдары үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 4 қазандағы № 532 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қазандағы № 262 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 18 қыркүйектегі № 883 және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 113 бірлескен бұйрығы және қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21304 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Агенттіктің Құқықтық қамтамасыз ету департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрық пен қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық пен қаулыны Агенттіктің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрық пен қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Ұлттық
Банкінің Төрағасы*

Г. Пирматов

*Төрағаның міндетін
атқарушысы*

Г. Садырбеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК